



«ТУРКІЛЕРДІҢ ЕУРОПАДАҒЫ ІЗДЕРІН ЗЕРТТЕУ ҮЛТТЫҚ ТАРИХЫМЫЗДЫ БАЙЫТА ТУСЕДІ»



Жасампаздыққа толы жылдар

3

www.shymkala.kz

барған. Одан кейін кері қайтып, Византия және Рим империяларына жорық жасаған.

Осы жазудың ескерткіштері Ресейдің Татарстан, Чувашия Республикалары мен Пенза облысында сақталған.

– Сикей халқы туралы біз естімеген екенбіз...

– Бул халық өздерін түркіміз, Аттиланың үрпақтарымыз деп есептейді. Польша-Литва королі Стефан Баторий осы сикейлерден шыққан. Ғұн тарихын тереңірек тану үшін сикей халқының тарихын зерттейтін уақыт жетті деп ойлаймын.

– Шәкірттерге Баламер патша туралы қызықты деректер айттыңыз...

– Баламер –ғұндардың улы патшасы. Өмір жолын Оңтүстік Қазақстаннан бастаған. Ол ғұндардың атақты патшасы Шөженің бесінші үрпағы. Бул мәліметті бізге болғар академигі Омельян Прицак жеткізді.

Шеже Тараз (Талас) қаласының негізін қалауды. Ол кейіннен Қытай әскерінен женіліс тапты. Шөженің біраз үрпақтары Сырдария алқабына ығысты. Осы жерде Баламер дунинге келді. Ол парасатты және ақылды патша болды.

Шығыстан тағы қытай әскері қауін төндіре бастады. Баламер елін Волга (Еділ) алқабына көшіруге мәжбур болды. Сейтін, ғұндар Идель (жеті ел) халқының құрамына бейбіт

**Әбдіқадыр Дәүітбеков,
М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың ғылыми
қызметкери:**

– Аттила туралы Сіз қандай еңбек жазғансыз?

– «Аттила и Гуннская Орда» атты кітабым 2018 жылы жарық көрді.

– Аттиланың бабалары туралы жазба құжаттар бар ма?

– Иә, бар. Венгрияда «Хроника Хунгария» атты еңбекте Аттиланың 38 бабасы көрсетілген. Оның бабалары мен үрпақтары Бахши Иманның «Джагфар тарихи» кітабында да жазылған.

– Аттиланың қай үрпағы данқты болды?

– Улы Болгарияның ханы Құбырат, Дуло-ба мемлекетінің патшасы Шамбат. Ағайынды екеуінің анасы қоңыраттың қызы болған. Оның аты Аюкан болған. Славяндар оны құрметтеп Аксения деп атапты.

– Мынау қызық екен. Сонда қазақтың қазіргі рулары мен тайпалары ғұндардың құрамында да болған ба?

– Иә, осы тарихи шындықты дәлелдейтін құжаттар, дерек пән дәйектер мол. Оларды езімнің «Тамғи Аттилы гүннов» атты кітабымда тоқтастырым.

– Сол деректердің бір-екеуін айта кетсөніз...

– Гази Бараджаның «Барадж тарихы» атты еңбегінде көрсетілген дерекке сәйкес, 620 жылы Құбрат ханның інісі Шамбат Асқал деген елдімекеннің орнына Башту қаласын салды. Бұл жер қазіргі Киев қаласының орны болатын. Қалага бекініп алған соң Шамбат аварларға шабуыл жасал, женіске жеткен. Сейтіп, Украинаның батысы, Венгрия мен Польша аумағында өз мемлекетін құрып, 33 жыл билік жүргізген. Ол мемлекетті өзінің шыққан тайпасының құрметіне Дулоба деп атаған. Жалпы, ғұн билеушілерінің көпшілігі осы дуло тайпасынан шыққан. Осы тайпаның таңбасы бейнеленген тарихи ескерткіштер Чувашіяда, Шығыс Еуропаның көп жерлерінде сақталған. Бір қызығы, сол дуло тайпасының таңбасы дулаттардың Қазақ хандығының түсінідегі таңбасымен дәлме-дәл сәйкес келеді. Таңбасы бірдей, атауы да ұқсал түр. Мұны жайғана сәйкестік деп қалай айтасыз?!

Сол сияқты қоңыраттардың да Шығыс хан мен оның үлдерінің женімпаз әскерінің үлкен белгін қураганы мәлім. Яғни, XIII ғасырда қоңыраттар суперэтнос болған. Енді осында үлкен тайпа аяқ астынан пайда болмасы, бір ғасырда қалыптаса қоймасы түсінікті ғой. Парсы жылнамашысы Рашид ад-Диннің «Жами-ат-Таварих» атты кітабында қоңыраттарды үш тармақтан таратады. Бұл қате бай-

Kазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы биылғы ең маңызды мереке екені талассыз. Үлттық мерейтойды мере- келеу тұжырымдамасына сәйкес, әр ай белгіленгөн жеке тақырыппен өтуде. Атап айтқанда, наурыз айы елдің үлттық дәстүрлері мен мәдениетіне арналса, сәуір айы «Ғылым және технологиялар» айдарымен өтуде.

Осыған орай Шымкенттегі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіндегі көптеген мазмұнды іс-шаралар өтіп жатыр. Соның бірінде аталған университеттің ғылыми қызыметкері, Чуваш Ғылым академиясының академигі, Ресей және Чувашия жа- зушылар одақтарының мүшесі Әбдіқадыр Дәуітбеков оқыордасының шәкірттерімен, магистранттар және докторанттармен кездесті. Әбдіқадыр Дәуітбекұлы түркілердің көне тарихын, соның ішінде олардың Еуропага жасаған жорықтары мен сол жерде құрган мемлекеттерін зерттейді. Кездесу кезінде ғалым шәкірттерді өз зерттеулерінің қорытындыла- рымен таныстыруды.


Университеттегі «Мұхтартану» ғылыми зерттеу орталығында өткен кездесуден соң бізге Ә.Дәуітбековпен сұхбаттасудың сәті түс- кен еді.

– Әбдіқадыр Дәуітбекұлы, ерте ортағасырлардағы түркілер Еуропада қандай жетістіктерге жетті? Олар «кәрі күрлікта» қандай мемлекет құрды?

– Көне және ерте ортағасырларда түрлі түркі тайпалары мен рулары Еуропада орасан зор жетістіктерге жетті. Олар Еуропаның қақортасында көптеген мемлекет құрды. Олардың қатарында Баламердің ғұн империясы, Аттиланың ғұн империясы, Құбрат ханының Ұлы Болгариясы, Шамбаттың Дуlobасы, Абар мен Хазар қағанаттары, Аспарухтың Дунай Болгариясы, Арпадтың Венгриясы және тары басқалары бар. Бір сөзben айтқанда, IV-X ғасырларда түркілер Еуропадағы құшті мемлекеттерді құрган. Олардың билігін бүкіл Еуропа-лықтар мойындағы. Ол кезде түркілердің ғұн деп атайды.

– Кейбір ғалымдар ғұндардың түркі екеніне құдікпен қарайды ғой...

– Әлем ғалымдарының басым бөлігі ғұндардың түркілдес болғанын раставиды. Бұл – дәлелденген, мойындалған тарихи факт. Ерте ортағасырларда ғұндар Шығыс Еуропада үстемдік құрганы мәлім. Тиісінше, олардың тілі өздері жауап алған жергілікті ғалымдардың тілдеріне әсер етпей тұрмажан. Қазір ғалымдар ағылшын тілінде түркілік негізі бар 400 сөз кездесетінін анықтады. Ал неміс тілінде түркілік этимологиясы бар 2 мың сөз



табылған. Сол сияқты венгр тіліне де түркілік 800 сөз енген. Україн тілінің 30 пайыз сөздері түркі тілдерінен сініскең. Олжас Сүлейменов пен Мұрат Аджи секілді зерттеушілер орыс сөздігінен де түркілік негізі бар көп сөз тапқаны баршаға белгілі. Демек, көне заманнан бастап түркі сөздері түрлі Еуропалық ғалымдардың тіліне енген. Енді ойланып көрініз, Еуропага қоныс аударып, сол жердегі ғалымтарды бағындырып, өз мемлекеттерін құрган ғұндар түркі болмаса, олар түркі тілінде сөйлемесе, әлгі түркілік сөздер Еуропа ғалымтарының тіліне қайдан енген?! Бұл – бір ғана дәйек, ғұндардың түркі екеніне қатысты көптеген тарихи деректер мен дәлелдер бар. Осы жерде нақтылап айта кететін мәселе, ғұндар үйін-ғұн тілінде сөйлеген. Бұл – менің ашқан ғылыми жаңалығым.

– Қазіргі түркі тілдерінің ішінде үйін-ғұн тіліне жақыны бар ма?

– Ол тілде қазір тек чуваш ғалымдары сөйлейді.

– Сіз ғұндардың өз жазуы болғанын айтып жүрсіз. Солай ма?

– Иә, ғұндардың өз жазуы болған. Ол жазуды «Самра» деп атаған. Самра жазуы Орхон-Енисей жазбаларының бастауы, тіптіб «атасы» десе де болады.

– Ол жазудың ескерткіштері бар ма?

– Оны сикей (сикели) дейтін ғалым сақтаған. Сикейлердің үрпақтары Румынияда, Венгрияда, Боснияда әлі де кездеседі. Бұл ғалым өз жазуын XIX ғасырга дейін қолданған.

жолмен енді. Баламер осы мемлекеттің қолбасшысы, одан кейін патшасы болды. Ол аландардың қуатты әскерін күйретті. Ендігі кезек герман тайпасы готтарға келді. Баламердің әскери оларды да ойсырата жеңді.

Ғұндардың патшасы елін Днепр жағалауына дейін көшірді. Осылайша ол үлкен империяның негізін қалады. Баламер – әйгілі Аттиланың бабасы.

– Иә, ғұндар туралы сөз қозғағанда Аттиланы айналып өту мүмкін емес қой...

– Әлемдік қоғам оны «I мыңжылдықтың ең даңқты адамы» деп таныған. Ұлы империяның негізін қалаушысы болған Аттила – Византия және Рим империяларының тізесін бүктірген әйгілі ғалымшы. Бүкіл Еуропа оны мойындағы.

– Аттила анық түркі ғалымтарының өкілі ме?

– Иә, әрине, ол туралы ортағасырлық құжаттар бар.

– Қандай?

– «Именник болгарских ханов», «Мадгарская хроника», «Хроника Хунгари», «Кереш хроника», Бахши Иманның «Джагфар тарихы», Гази-Бараджың «Гази-Барадж тарихы», Микаэль Баштудың «Шан қызы дастаны», Орыс жылнамасы «Велесова книга» және басқалар.

– Бұл құжаттар ғылыми айналымға енген бе?

– Қазақ ғалымдары осы құжаттардың өз зерттеулерінде пайдаланса дұрыс болар еді.

– Аттиланның үрпақтары туралы не айтасыз?

– Аттиланың әкесі Мынсақ (Моншак). Анасы қырғыздың қызы, әжесі славянның қызы болған. Ағасының аты Бегім (Бледа), қарындасы – Қеркі (Харька) екен. Аттиланның үл-қыздары көп болған. Олардың біразы патша тәжін киген.

– Батыс Еуропаның зерттеушілері Аттила әскері Кatalaun шайқасында жеңіліс тапты дейді ғой...

– Ол пікір шындыққа жана спайды. Керісінше, Рим әскерін Аттила күйрете жеңді. Кatalaun шайқасынан бір жыл өткенде, яғни, 452 жылы ғұндардың әскері Римге енді. Егер римдіктер Аттиланы жеңген болса, сонда жеңімпаз Рим әскері қайда қалды?!

– Аттила қазақ жерінде де болды деген дерек шындыққа жанаса ма?

– Ол туралы француз зерттеушісі Бувье Ажам «Аттила» атты кітабында жазған. Аттила қазақ жері арқылы Қытайдың шекарасына

даын да, XII ғасырдың да тарихи деректерінде кездессе, демек оның мыңжылдықтарға үласқан тарихы бар деген сез.

Мен осы деректерді айтсам, кейбір азаматтар дұрыс қабылдай алмайды. Қазақ халқының құрамындағы ру-тайпалардың тарихының терең болуы үлттымыздың тарихының терең әрі бай екенін айғақтай түседі. Бұл – бөліну емес, көрініше, біз осы тарихты тану арқылы қазақ халқының әр дәүірде даңқты империялар құрган, төл мәдениетін қалыптастыған ұлы халық екенін сезінemіз. Бұл үлттық рухты көтеруге, отанышыл үрпақ тәрбиелеуге ықпал етеді.

– Демек, Еуропада бабаларымыздан қалған іздер жетерлік екен ғой...

– Иә, оларды тек терең зерттеу керек. Ол жақақ ғылыми экспедициялар үйімдастырып баруымыз қажет. Түркілердің Еуропадағы іздерін зерттеу арқылы үлттық тарихының байта түсеміз. Міне, осы тұрғыдан алғанда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті үлкен жұмыс атқарылуда. Жалпы, бұл оқу ордасында ғылым бағытына ерекше назар аударылып отыр. Зерттеушілердің ғылыми ізденісіне жан-жақты қолдау көрсетіліп отыр.

– Сіз Зубрч мұсінің де тарихын зерттедіңіз...

– Батыс Украинада 1848 жылы Зубрч мұсіні табылғаны белгілі. Оны академик Борис Рыбаков және басқа ғалымдар славяндардың тарихи туындысы деп қорытынды жасаған. Ол шындыққа жана спайды. Зубрч мұсіні түркілерге тиесілі. Бұл сөзімे дәлелдер мол. Оларды біз журнада мен газеттердің бетінде жарияладық.

– Бұл үлкен жаңалық қой. Зубрч мұсінің түркілерге тиесілі екеніне нақты қандай дәлелдер бар?

– Екі дәйек айтайды: Біріншіден, бұл мұсін үш деңгейден немесе үш қабаттан тұрады. Жоғарғы – тәңірлік, ортағы – адамдық, төменгі – жерастылық. Түркілердің тәңірлік сенімі бойынша әлем осы үш деңгейден куралған. Ол заманда славяндарда мұндай нағым-сенім болмаған. Екіншіден, славяндар ол заманда мұсіндерді тек ағаштан жасаған. Тасты кашап, балбал жасау тек түркілердің дәстүрі. Оған қоса Зубрч мұсінің бетінде түркі ғалымтарына тән көп теген таңбалар бейнеленген. Демек, бұл мұсін ғұн, болғар билеушілерінің құрметіне жасалған болуы әбден мүмкін.

Түркілердің тағы да бір туындысы біздің назарымызда. Ол – IX ғасырда жазылған «Шон қызы дастаны». Бұл еңбек Киев қаласында жазылған. Авторы – Микаэль Шамс Тебир Башту. Осы дастанды қазақ тіліне аудару қажет. Сонда бабаларымыздың көптеген рухани байлығына көз жеткізміз.

– Сұхбатыңызға рахмет!

**Сұхбаттасқан –
Айдар ҚУЛЖАНОВ**